

## Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі N 464 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6565 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. «Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 602 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда № 5427 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылдың 23 қаңтарында № 11 (1434) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Жәмішев*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 7 қ ы р к ү й е к т е г і  
№ 4 6 4 б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

**Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру  
Ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабын жүзеге асыру мақсаттарында әзірленген және акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру тәртібін және жұмыс істеуін белгілейді.

2. Акциздік қосындар акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушілердің (бұдан әрі - өндірушілер) аумағында және жекелеген жағдайларда алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілердің (бұдан әрі – көтерме сатушы) аумағында орнатылады.

Осымен бірге, акциздік қосын:  
а) шарап материалы;

б) сыра, сыра өндірісіне лицензиясында немесе лицензияға қосымшасында көрсетілген мекен жайы бойынша бар, кафе немесе мейрамхананың орналасқан орнында тек келіп кетушіге (тұтынушыға) бөлшек саудасында сататын бар, кафе және мейрамханаларда өз сырасын өндіруді және сақтауды жүзеге асыратын өндірушілердің аумағында орнатылмайды.

## 2. Акциздік қосынның қызметін ұйымдастыру

3. Акциздік қосындардың ұйымдастырылуын, жедел басқару және қызметінің координациясын салық төлеушісі орналасқан орны бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органының (бұдан әрі – салық органы) басшылары ұйымдастырады.

4. Акциздік қосынның ұйымдастыруы салық органдардың салық төлеушінің мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады облыс, Алматы және Астана қалалары бойынша басшыларымен.

Акциздік қосынның орналасатын жері, оның жұмыс регламенті, лауазымды тұлғаларының дербес құрамын, оның құрамын өзгерту және бейне бақылаумен жабдықтау салық органның басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Этил спиртін, алкоголь өнімдерін, мұнай өнімдерін, темекі бұйымдарын өндірушілер бейне бақылаумен жабдықталады. Бейне бақылау кіру және шығу қақпаларда, өндіріс цехтарда, қойма үй-жайларда және негізгі шикізаттарды қабылдайтын орындарда орнатылады.

5. Акциздік қосынның құрамы салық органы лауазымды тұлғаларының (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) қатарынан қалыптасады.

Акциздік қосынның құрамын анықтағанға дейін, акциз қосынының бірінші

рет кезекшілікке түсетін лауазымды тұлғалар, акцизделетін тауарлардың өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша заңнаманың нормаларын білуі жөнінде нұсқаулықтан өтеді.

Салық органының басшысы акциздік қосынның жұмысына қатысатын лауазымды тұлғалармен әңгімелесу өткізеді.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша акциздік қосынның құрамы бекітіледі.

6. Акциздік қосындарда кезекшілікті жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың сандық құрамы:

1) жылына 1 миллион (бұдан әрі – млн.) тонна мұнайға дейін қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттылығымен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін;

э т и л с п и р т і н ;

а л к о г о л ь ө н і м і н ;

жылына 1 миллиард (бұдан әрі – млрд.) темекіге (папирос) дейін өндірістік қуаттылығымен темекі бұйымдарын өндіретін өнеркәсіптерде бір адамнан;

2) көтерме сатушының аумағында – бір адамнан;

3) жылына 1 млн. және одан аса мұнайды қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттылығымен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіретін;

жылына 1 және одан аса млрд. темекіге (папирос) дейін өндірістік қуаттылығымен темекі бұйымдарын өндіретін өнеркәсіптерде екі адамнан кем е м е с б о л у ғ а т и і с .

7. Акциздік қосынның жұмыс кестесі өндіруші немесе көтерме сатушының жұмыс режимдеріне байланысты сәйкес анықталады.

Осымен бірге, Қазақстан Республикасы аумағына кеден одағы мемлекет-мүшесі аумағынан этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін әкелу жағдайында осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысаны бойынша оларды алудың алдағы күні туралы қызмет объектісінің орналасқан орны бойынша салық органдарына алдағы үш жұмыс күнінен кешіктермей хабарлайды.

8. Акциздік қосындағы лауазымды тұлға:

1) өндірушілер және көтерме сатушылармен акцизделенетін тауарларды өндіру мен сатуды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасының т а л а п т а р ы н с а қ т а у ы н а ;

2) сатып алушыда тиісті қызмет түріне лицензияның болуына;

3) импортталатын акцизделенетін тауарларды есепке алуына;

4) акцизделенетін тауарлардың өндірісі үшін негізгі шикізаттың, қосалқы материалдардың, дайын өнімнің, есепке алу-бақылау таңбаларының немесе акциздік таңбалардың қозғалысына;

5) салық төлеушінің акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау ережелерін сақтауына;

6) салық төлеушінің жіберілген кезінде акцизделенетін тауарлардың

жекелеген түрлеріне іліспе жүк құжаттарын рәсімдеу ережелерін сақтауына;

7) акцизделетін тауарларға акциз ставкаларының дұрыс қолданылуына және акциздің бюджетке уақытылы төленуіне;

8) акцизделенетін тауарларды тек өлшеуші аппаратары арқылы бұруына және (немесе) жіберілуіне немесе есепке алу аспаптары арқылы сатуына (құюлуына), сондай ақ соңғылардың пломбы салынған түрде пайдаланылуына;

9. Акциздік қосындағы лауазымды тұлға осы Ереженің 8-тармағын жүзеге асыру үшін өндірушінің аумағында:

1) спирт өлшеу аппараттары арқылы боза айыру және (немесе) айдау қондырғысынан этил немесе алкоголь өнімін құю кезінде, этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісінің көлемдері туралы, сондай ақ дайын өнімдегі этил спиртінің көлемдік құрамы туралы мәліметтерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алу аспаптары арқылы спиртіні бөлу, сонымен қатар аталған аппараттар мен есепке алу аспаптарын жарамды және пломбаланған түрде пайдалануды қамтамасыз етеді;

2) көлемдік шығыстарды өлшеуішінің бастапқы түрлендіргішінің киістірмесі және алкоголь өнімін құю автоматының киістірме жалғамаларының арасындағы құбырдың аралық киістірме ажырайтындардың және басқа да жалғасуларды болдырмайды ;

3) айыру колоннасынан спиртті өлшеу киістірмелерінен және тоңазытқыштың киістірме жалғамаларынан сәйкесінше ротаметрге тоңазытқыштан, ротаметрден шамға, шамнан спирт өлшеуші аспабына және спирт өлшеу аспабынан құю бөлемшесіне дейін киістірме жалғамалардың және қысым арматурасының және басқа да жалғасуларды болдырмайды;

4) мұнай өнімдерін өндіру мен сату (тиеп-жөнелту) көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алу бақылау аспаптары арқылы резервуарлардан сату және орнатумен бензин және дизельдік отынды бөлу, сонымен қатар ретке келтірілген және пломбыланған түрде пайдалануды қамтамасыз етеді;

5) кәсіпорын жұмыс уақытының басында және аяғында сондай ақ тұрып қалу уақытында есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша электрқуаты мен су шығынын (темекі бұйымдары мен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінен алмағанда) есепке алуды жүзеге асырады;

6) негізгі шикізатты (этил спиртіні өндіру кезінде – астық, сірне, ұйытқылар (энзимдер), коньяк спиртіні өндіру кезінде – шарап материалы, арақ, коньяк, бренди және ликер - арақ бұйымдарын өндіру кезінде – этил спирті, шарапты өндіру кезінде – шарап материалы, этил спирті, сыраны өндіру кезінде – ашытқы, құлмақ және мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру кезінде – телімдер, қоспалар, темекі бұйымдарын өндіру кезінде – фильтрлар, сигареттік қағаз)



Осымен бірге, компаундирлеу кезінде шикізат ретінде пайдаланылатын мұнай өнімдерінің көлемдері негізгі шикізаттың қозғалысы журналында көрсетіледі.

Тиеп-жөнелту құжаттарының жинақ есебі және журналдар нөмірленіп, жіппен қайымдалып, басшысының қолымен және тиісті салық органының мөрімен басылады.

12. Акциздік қосындағы лауазымды тұлға:

1) жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне және тұрып қалған уақытта: пайдаланылуы мен жұмыс жасауын болдырмау жолымен акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру бойынша желілерін;

спирт қоймасынан алкоголь өнімін өндіруге спиртің беру қранына; мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне байланысты өндірілген мұнай өнімдерінің, шикі мұнайды беру қрандарын; кәсіпорының кіру және шығу қақпаларын;

алкогольдік өнімдерді өндірушілердің араластыру цехындағы енгізу және шығару құбырларына;

мұнай өңдеумен айналысатын кіші зауыттардағы және мұнай өнімдерін компаундирлеуді жүзеге асыратын өнеркәсіптердегі енгізу және шығару құбырларына;

акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін сақтауға арналған қойма үй-жайларына;

мазут және дизель отынын, бензинді босату қрандарына мөр қояды және пломбы салады.

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда көрсетілген мөрлер мен пломбаларды өндірушінің немесе көтерме сатушының өкілдерімен алынады.

Төтенше жағдай фактісі төтенше жағдай облысындағы уәкілетті органмен расталады;

2) өз өкілеттіктері шегінде аумағында акциздік қосын орналасқан өндірушінің басшысынан және басқа лауазымды тұлғаларынан акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуі мен айналымы бойынша мәліметтермен құжаттарды сұратады;

3) акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін өткізу (тиеп-жөнелту) немесе қабылдау (жүкті түсіру) кезінде қатысады;

4) шаруашылық қызметке араласу құқығынсыз, қажет болған жағдайда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамасын өтумен салық төлеушінің әкімшілік, өндіріс, қойма, қосалқы үй-жайларды тексереді;

5) өндірушінің немесе көтерме сатушының аумағынан (аумағына) шыққан (кірген) көлік түрлерін қарап шығады;

6) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің қалдықтарын, сондай-ақ

осы Ережеде көрсетілген негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың қалдықтарын шешеді;

7) арнайы аспаптар арқылы алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбаларының, темекі бұйымдарына арналған акциздік таңбалардың түпнұсқалығын іріктеп тексеру жүргізеді;

8) мөрдің немесе пломбының алынғаны немесе оның бедерінің бұзылғаны (төтенше жағдайлар туындауын қоспағанда), не спирт өлшеуші аппараттар мен бақылаушы есепке алу аспаптарының, электр қуатын және суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерінің бұрмаланғаны, немесе алкоголь өніміндегі есепке алу-бақылау таңбаның темекі бұйымдарында акциздік таңбаларының түпнұсқалық еместігін немесе жоқтығын байқалған жағдайда өндірушінің қызметкерінің қатысуымен тиісті акт толтырады.

Осындай фактілер айқындалған кезінен он сегіз сағат ішінде салық органы және Салық комитетіне дереу хабарланады.

### 3. Соңғы ереже

13. Акциздік қосындардың қызметін бақылау салық органдарымен Салық комитетіне берілген мәліметтерді талдау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және салық органдарымен жүргізілетін тексерулер арқылы жүзеге асырылады.

Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесіне 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағы мемлекет-қатысушылардың аумағынан әкелінетін алкоголь өнімдерін әкелудің алдағы мерзімі туралы**

**Хабарлама**

-----

-----

(салық органының атауы)

Заңды тұлғаның атауы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_, БИН (барында) \_\_\_\_\_

Заңды мекен-жайы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_









Акциздік  
ұйымдастыру  
5-қосымша  
нысан

қосындардың  
ережесіне

қызметін

**Акцизделенетін өнімдердің жекелеген түрлерін тиеп-жөнелтуді жүзеге асырған кезде берілетін тиеп-жөнелту құжаттарының тізілімі**

өнім тиеп-жөнелтілді					
күні	Шот-фактураның №, күні	Мұнай өнімдеріне іліспе жүкқұжаттың №, күні	өнім түрі, атауы, маркасы	Тиеп-жөнелтілген өнімнің саны немесе көлемі (дана, дал, тонна)	Алушының атауы, мекен жайы, СТН, барында ИИН/ БИН
1	2	3	4	5	6

**кестенің жалғасы**

өнімді қайтару					
Жазып берілген шот фактураның №, күні	Мұнай өнімдеріне берілген іліспе жүк құжаттың №, күні	өнімнің түрі, атауы, маркасы	өнімнің саны немесе көлемі (дана, дал, тонна)	Қайтару жүзеге асырылған ұйымның атауы, мекен-жайы, СТН-і, барында ИИН/ БИН	Қайтару себептері (қайтару негізі)
7	8	9	10	11	12

Акциздік  
ұйымдастыру  
6-қосымша  
нысан

қосындардың  
ережесіне

қызметін

**Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіретін зауыттарда электр қуаты мен суды есепке алу журналы**

Күні	Электр қуатының шығысы		Су шығысы		ескерту
	Электр қуатын есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	Электр қуаты	Суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері		

	Сағат 9.00-де	Сағат 18.00-де	жұмсалды, Квт	Сағат 9.00-де	Сағат 18.00-де	Су қолданылды, дал	
1	2	3	4	5	6	7	8

**Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесіне 7-қосымша нысан**

### Негізгі шикізат қозғалысының журналы

Күні	Негізгі шикізаттың атауы	Қолда бар негізгі шикізат (тонна, дал.)					Акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	Ұйымның жауапты тұлғаларының қолдары
		Күннің басына қалдығы	Бір күн ішінде алынды	өндіріске жіберілген	өндірістік шығындар	Күннің соңындағы қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесіне 8-қосымша нысан**

### Этил спирті мен алкоголь өнімдері қозғалысының журналы

Күні	Дайын өнім қоймасы бойынша қозғалысы (дал)						Акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	Ұйымның жауапты тұлғаларының қолдары
	Күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	Бір күн ішінде алынды	қайтару	Күннің соңындағы қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесіне 9-қосымша нысан**



Акциздік  
ұйымдастыру  
12-қосымша  
нысан

қосындардың  
ережесіне

қызметін

### Шыны ыдысы қозғалысының журналы

Күні	Шыны ыдысының қозғалысы, дана.					
	Күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	өндіріске жіберілген	қайтару	Күннің соңына қалдығы
1	2	3	4	5	6	7

Акциздік  
ұйымдастыру  
13-қосымша  
нысан

қосындардың  
ережесіне

қызметін

### Гофро ыдысы қозғалысының журналы

Күні	Гофро ыдысының қозғалысы, дана.					
	Күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	өндіріске жіберілген	қайтару	Күннің соңына қалдығы
1	2	3	4	5	6	7

Акциздік  
ұйымдастыру  
14-қосымша  
нысан

қосындардың  
ережесіне

қызметін

### Заттаңбасы, контр заттаңбасы мен тығыны қозғалысының журналы

Күні	Заттаңбалары, контр заттаңбалары мен тығындарының қозғалысы, дана						
	атауы	Күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	өндіріске жіберілген	қайтару	Күннің соңына қалдығы
1	2	3	4	5	6	7	8